

БӨЛІМ: МАТЕМАТИКА

Құрама сандарды жай көбейткіштерге жіктеу

ЖАРИЯЛАНДЫ
22.06.2017СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/15107/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Байбосынова Роза Көшерқызы

Сынып: 5 «Ә»

Сабақтың тақырыбы: Құрама сандарды жай көбейткіштерге жіктеу

Сабақтың мақсаты:

- Білімділігі:* Құрама санды жай сандардың көбейтіндісі түрінде жазу құрама санды жай көбейткіштерге жіктеу туралы ұғымымен таныстыру. Есептер шығару дағдыларын қалыптастыру.
- Дамытушылық:* Логикалық ойлау қабілеті мен есептеу дағдыларын жетілдіру, өз бетінше еңбектену, белсенділіктерін арттыру, пәнге қызуғушылығын ояту, оқушылардың құзыреттерін қалыптастыру.

3.Тәрбиелік: Оқушылардың өз ойын толық, дұрыс жеткізе білуге, тапқырлыққа, жылдамдылыққа, тәрбиелеу.

Сабақ түрі:Бекіту сабағы

Сабақтың көрнекілігі: оқулық, деңгейлік тапсырмалар, үлестірмелі қағаз, слайд.

Оқытудың әдісі:практикалық

Сабақтың барысы:

1.Ұйымдастыру кезеңі

а) Сәлемдесу,

ә) оқушыларды түгендеу,

б) оқушылардың назарын сабаққа аудару

в) сабақтың мақсатымен таныстыру

Үй тапсырмасын тексеру: §10 сұрақ 1-3, № 267-272

2.«Миға шабуыл» қайталау сұрақтары

1. Жай сандар деп қандай сандарды айтады?
2. Құрама сандар деп қандай сандарды айтады?
3. 1 саны қандай сан?
4. Қандай сандар 2-ге бөлінеді?
5. Қандай сандар 3-ке бөлінеді?
6. Қандай сандар 5-ке бөлінеді?
7. Қандай сандар 9-ға бөлінеді?
8. Қандай сандар 10-ға бөлінеді?

3.«Кім шапшаң» ойыны

№676

№677: $2 \cdot 3 = 6$; $2 \cdot 5 = 10$; $2 \cdot 7 = 14$; $3 \cdot 5 = 15$; $3 \cdot 7 = 21$; $5 \cdot 7 = 35$

№678

4. Математикалық диктант

5. Жай санның жұп сан болуы мүмкін бе? (Иә)
6. Натурал сандар қатарында бір- бірімен қатар тұрған жай сандар болуы мүмкін бе?

(Иә)

3. 77 жай сан деген тұжырым дұрыс па? (Жоқ)
4. 68 құрама сан деген тұжырым дұрыс па?(Иә)
5. Егер екі көбейткіш белгілі бір санға бөлінбесе, онда көбейтінді сол санға бөлінбейді.(Иә)
6. Егер екі қосылғыш белгілі бір натурал санға бөлінсе, онда қосынды сол натурал санға бөлінбейді.(Жоқ)

5. Деңгейлік тапсырма оқулықпен жұмыс

1-ші деңгей

Құрама сандарды жай көбейткіштерге баған түрінде жіктеңдер: 140, 225, 72, 246

$$140=2\cdot 2\cdot 5\cdot 7; \quad 225=3\cdot 3\cdot 5\cdot 5; \quad 72=2\cdot 2\cdot 2\cdot 3\cdot 3; \quad 246=2\cdot 3\cdot 41.$$

2-ші деңгей:

№6 Көлемі: 1) 27 см^3 ; 2) 125 см^3 болатын кубтың қырының ұзындығы неше сантиметр?

$$27=3\cdot 3\cdot 3 \text{ қыры } 3 \text{ см}; \quad 2) \quad 125=5\cdot 5\cdot 5; \text{ қыры } 5 \text{ см}$$

3-ші деңгей

Тік бұрышты параллелепипедтің өлшемдері жай сандармен өрнектеледі. Көлемі: 1) 66 см^3 ; 2) 195 см^3 ; 3) 255 см^3 параллелепипедтің өлшемдері неше сантиметр?

- $66=2\cdot 3\cdot 11$ ені 2 см, биіктігі 3 см, ұзындығы 11 см
- $195=3\cdot 5\cdot 13$ ені 3 см, биіктігі 5 см, ұзындығы 13 см
- $255=3\cdot 5\cdot 17$ ені 3 см, биіктігі 5 см, ұзындығы 17 см

6. Электронды оқулықпен жұмыс

7. «Ой түйін»Сабақты қорыту мақсатында тест жұмысы.

8. Санның жай көбейткіштерге жіктелуінің дұрысын көрсетіңдер.

$$1) 12=3\cdot 4; \quad 2) 60=3\cdot 4\cdot 5; \quad 3) 105=3\cdot 5\cdot 7; \quad 4) 106=2\cdot 5\cdot 11.$$

2. 642 санын жай көбейткіштерге жіктеңдер.

$$1) 642=2\cdot 3\cdot 103; \quad 2) 642=2\cdot 3\cdot 105;$$
$$3) 642=2\cdot 6\cdot 107; \quad 4) 642=2\cdot 3\cdot 107.$$

3. 12 санының барлық бөлгіштерін тап:

$$1) 12; 24; 36; \dots \quad 2) 1; 6; 12;$$
$$3) 1; 2; 3; 4; 6; 12; \quad 4) 1; 2; 3; 4; 8; 12$$

4. 96 санын жай көбейткіштерге жікте:

$$1) 2^5\cdot 3; \quad 2) 16\cdot 6; \quad 3) 2\cdot 3; \quad 4) 24\cdot 6.$$

5. Ең кіші жай сан?

$$1) 2; \quad 2) 4; \quad 3) 0; \quad 4) 6$$

Жауабы: **34311**

Үйге тапсырма: 4.6 тақырып

№685; 686

Сабақты қорытындылап, бағалау.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.